**"Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша қосылған құн салығын төлеуге бақылау жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 103 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 16 наурызда № 6819 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 229 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.05.02 № 229 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-18-бабы 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша қосылған құн салығын төлеуге бақылау жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 352 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6364 болып тіркелген, 2010 жылғы 27 тамыздағы № 225 (26286) «Егемен Қазақстан» газетінде № 348-350 (26193) жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша қосылған құн салығын төлеуге бақылау жүргізу ережелерінде:

4-тармақта:

екінші бөлімі мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«аумағынан тауарларды көрме-жәрмеңкелік сауда үшін әкелу жүргізілген кеден одағына мүше мемлекет туралы;»;

төртінші бөлімнің 3) тармақшасы «атқарушы органымен» деген сөздерден кейін «көрме-жәрмеңкелік сауда» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөліммен толықтырылсын:

«Көрме-жәрмеңкелік сауданы өткізу туралы хабарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұйымдастырушы бұрын берілген хабарламаны қайтарып алу жолымен бір уақытта жаңа хабарламаны берумен жүргізіледі.»;

7-тармақта «Тауарлардың сатып» деген сөздер «Қазақстан Республикасы салық төлеушісі тауарлардың сатып» деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақты мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен

толықтырылсын:

«3-1) аумағынан тауарларды көрме-жәрмеңкелік сауда үшін әкелу жүргізілген кеден одағына мүше мемлекет туралы;

3-2) сатылған тауарлардың жалпы құны мен төлеуге тиіс ҚҚС сомасы;»;

көрсетілген Ережелерге 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Ережелерге 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелуін және оны кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 1 шілдеден бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

*Министр* *Б. Жәмішев*

2011 жылғы 25 ақпандағы
«Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша
қосылған құн салығын төлеуге
бақылау жүргізу ережелерін бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің 2010 жылғы
16 шілдедегі № 352 бұйрығына
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы» Қазақстан
Республикасы Қаржы министрінің
№ 103 Бұйрығына 1-қосымша

Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша
қосылған құн салығын төлеуге
бақылау жүргізу Ережесіне
1-қосымша

## Көрме-жәрмеңкелік сауда өткізу туралы хабарлама

Қолданушылардың назарына!
Салық есептілігін жасау ережесінің графикалық нысандары базаға енгізілмейді, қажет болған жағдайда РҚАО-дан электрондық тасығыштан алуға болады

Көрме-жәрмеңкелік сауда өткізу
туралы хабарламаға қосымша

**Көрме-жәрмеңкелік саудаға кеден одағына мүше мемлекеттерден қатысушылардың тізімі**

Қолданушылардың назарына!
Салық есептілігін жасау ережесінің графикалық нысандары базаға енгізілмейді, қажет болған жағдайда РҚАО-дан электрондық тасығыштан алуға болады

2011 жылғы 25 ақпандағы
«Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша
қосылған құн салығын төлеуге
бақылау жүргізу ережелерін бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің 2010 жылғы
16 шілдедегі № 352 бұйрығына
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы» Қазақстан
Республикасы Қаржы министрінің
№ 103 Бұйрығына 2-қосымша
Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша
қосылған құн салығын төлеуге
бақылау жүргізу Ережесіне
2-қосымша

**Көрме-жәрмеңкелік сауда өткізу туралы хабарлама бойынша есеп**

Қолданушылардың назарына!
Салық есептілігін жасау ережесінің графикалық нысандары базаға енгізілмейді, қажет болған жағдайда РҚАО-дан электрондық тасығыштан алуға болады

Көрме-жәрмеңкелік сауда
өткізу туралы хабарлама
бойынша есепке қосымша

**Көрме-жәрмеңкелік сауданың нәтижелері**

Қолданушылардың назарына!
Салық есептілігін жасау ережесінің графикалық нысандары базаға енгізілмейді, қажет болған жағдайда РҚАО-дан электрондық тасығыштан алуға болады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК